



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 2 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І

2 0 1 1 ж ы л ғ ы 20 қаңтар

Жеке тұлғалардың қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын Қазақстан Республикасына әкелу немесе Қазақстан Республикасынан әкету тәртібі

Қазақстан Республикасының Президенті 2011 жылғы 17 қаңтарда «Жеке тұлғалардың Кеден одағының кеден шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу тәртібі туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының № 389 Заңына қол қойды.

2010 жылғы 5 шілдеде Астана қаласында Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің басшылары қол қойған Жеке тұлғалардың Кеден одағының кеден шекарасы арқылы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын өткізу тәртібі туралы шарт жеке тұлғалардың қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің шекаралары арқылы үшінші елдерге¹ әкелудің немесе әкетудің бірыңғай тәртібін белгілейді.

Шартқа сәйкес қолма-қол ақша қаражатына айналыстағы және Кеден одағына мүше мемлекеттерде немесе шет мемлекеттерде заңды төлем құралы болып табылатын банкноттар және қазынашылық билеттері, монеталар (бағалы металдардан жасалған монеталарды қоспағанда) түріндегі ақша белгілері жатады.

Ақша құралдарына жол чектері, вексельдер, чектер (банктік чектер), эмитенттің (борышкердің) ақша қаражатын төлеу жөніндегі міндеттемесін куәландыратын, мұндай төлем жүзеге асырылатын тұлға көрсетілмеген құжаттандырылған нысандағы бағалы қағаздар жатады.

Шартқа сәйкес жеке тұлғалар (резиденттер және резидент еместер) үшін қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын Қазақстан Республикасына әкелудің немесе Қазақстан Республикасынан әкетудің мынадай тәртібі белгіленеді:

1. Жеке тұлғалардың қолма-қол ақша қаражатын және ақша құралдарын Кеден одағының кеден аумағының бір бөлігі болып табылатын Қазақстан Республикасының аумағына әкелуі немесе Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуі шектеусіз және кедендік декларациялаусыз жүзеге асырылады.

¹ Үшінші елдер – Кеден одағының қатысушысы болып табылмайтын мемлекеттер.

2. Баламасы² 10 мың АҚШ долларынан асатын жалпы сомадағы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) жол чектерін үшінші елдердің аумағынан Қазақстан Республикасына біржолғы әкелген немесе Қазақстан Республикасынан үшінші елдердің аумағына әкеткен кезде қолма-қол ақша қаражаты және (немесе) жол чектері әкелінетін немесе әкетілетін қолма-қол ақша қаражатының және (немесе) жол чектерінің барлық сомасына жолаушының кедендік декларациясын беру арқылы декларациялануға жатады.

Баламасы 10 мың АҚШ долларынан аспайтын жалпы сомадағы қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) жол чектерін әкелген немесе әкеткен кезде олар жеке тұлғаның қалауына қарай декларациялануы мүмкін.

3. Жеке тұлғаның жол чектерінен басқа ақша құралдарын үшінші елдердің аумағынан Қазақстан Республикасына әкелуі немесе Қазақстан Республикасынан үшінші елдердің аумағына әкетуі олардың сомасына қарамастан жазбаша декларациялануға жатады.

4. Қолма-қол ақша қаражаты және (немесе) ақша құралдары үшін декларация нысаны қаржы мониторингінің мақсаттары үшін қажетті мәліметтерді көрсетуді көздейді. Сондықтан да қолма-қол ақша қаражатын және (немесе) ақша құралдарын декларациялаған кезде қандай да бір куәландыратын құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

Шарттың мәтінін, сондай-ақ Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 287 шешімімен бекітілген жолаушының кедендік декларациясының нысанын және оны толтыру тәртібін Кеден одағы Комиссиясының ресми сайтынан (http://www.tsouz.ru/MGS/MGS11/Pages/P_51.aspx, http://tsouz.ru/KTS/KTS17/Pages/R_287.aspx) алуға болады.

Қазақстан Республикасының азаматтары үшін қабылданған Шарттың «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» ҚР Заңының 18-бабында көзделген қолданылып жүрген тәртіппен салыстырғанда мынадай бірқатар басымдықтары болады:

- міндетті декларацияланатын валюта шегі баламасы 10 мың АҚШ долларына дейін ұлғайтылды;

- Кеден одағына мүше мемлекеттердің арасында қолма-қол ақша қаражатын, жол чектерін және бағалы қағаздарды өткізу шектеусіз жүзеге асырылады;

- баламасы 10 мың АҚШ долларынан асатын қолма-қол шетел валютасын әкеткен кезде шығу тегінің заңдылығын растайтын құжаттарды ұсыну талап етілмейді.

² АҚШ долларына қайта есептеу «Валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын анықтау және қолдану тәртібін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы № 36 бұйрығына және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2009 жылғы 26 қаңтардағы № 4 қаулысына сәйкес белгіленген бағам бойынша жолаушының кедендік декларациясы кеден органына берілген күні жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес Республика бекіткен халықаралық шарттардың республика заңдарынан басымдығы болады және тікелей қолданылады. Соған байланысты Шартты ратификациялау туралы Заңның қолданысқа енгізілуімен Шарт нормаларының «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 18-бабының нормалары алдында басымдығы болады.

Шартты ратификациялау туралы заң 2011 жылғы 30 қаңтардан бастап (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күннен соң) қолданысқа енгізіледі.